Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 17 қазан №4712-24-00-2/3673 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.А.Борашева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық іс қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің "Шоғы Мұңалұлы атындағы №5 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Садинов К» басшысы Садинов Куат Ажимадинович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1, 267-4 -баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

Талап қоюшы Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің "Шоғы Мұңалұлы атындағы №5 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жеке кәсіпкер «Садинов К» басшысы Садинов Куат Ажимадинович мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы– қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Садинов К» басшысы Садинов Куат Ажимадиновичті мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Садинов К» басшысы Садинов Куат Ажимадиновичтен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.А. Борашева

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 18.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 26.11.2024, судья Борашева А. А., 28.11.2024

4712-24-3-1/3426